

К.Б. Ажмолдаева^{1*}, С.Ж. Ибадуллаева¹, М.Т. Сулейменова², А.Б. Бегенова³

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан

²Мирас университеті, Шымкент, Қазақстан

³ С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Қазақстан

(Хат-хабарға арналған автор: klara_1465@mail.ru*)

ORCID 0000-0003-3270-8364

ORCID 0000-0001-6642-5616

ЖОО-да биолог–мұғалімдерді даярлаудың білім мазмұнына өлкелік компонентті ендіру ерекшеліктері

Мұғалімнің кәсіби стандарты қазіргі мұғалімді ҚР мемлекеттік білім беру стандарттары мен негізгі жалпы білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес және ең бастысы — зерттелетін ғылымның әлемдік мәдениеттегі орнын ескере отырып, пәнді оқыту үрдісін ұйымдастыруға бағыттайды. Биология мұғаліміне гуманистік білім беруде отандық педагогиканың қазіргі талаптарға негізделуімен байланысты. Білімді маман дайындауда өлкелік мазмұндағы ақпараттың маңызы зор, осы мәселе соңғы кезде әр түрлі қырынан қарастырылуда. Биолог–мұғалімдердің әдістемелік дайындығын жетілдірудің ерекше өзектілігі қазіргі әлемдегі биологияның маңыздылығымен байланысты қатар жүріп отырады. Жалпы биология – бұл қазіргі заманғы мәдениетте жаңа реттеуші қағидаттарды қалыптастыруда үлкен рөл атқаратын ғылым болып табылады. Биология ғылымы жаратылыстану және қоғамдық ғылым арасында аралық орын алады, жаратылыс-ғылыми және педагогикалық пәндермен кіріге отырып, басқа жаратылыстану ғылымдарының гуманизмге бағытталуына бастама болады. Болашақ биолог–мұғалімдерін әдістемелік тұрғыдан даярлауды уақытылы жетілдіру практиканың қажеттілігімен ғана емес, сонымен қатар табиғи білім беру саласындағы педагогтің дайындық мәселелерін шешудегі ғылыми жетістіктерімен де байланысты. Биологияны оқытудағы білім беру іс-әрекеттің табиғат пен мәдениеттің құндылықтарымен байланысы, студенттердің биологиялық заңдылықтарды білуіне және оларға жеке мағына беруге жағдай жасау – бұл биология мұғалімінің іс-әрекеті, ол өзінің субъективті ұстанымының белсенділігін оқушының субъективті қасиеттерін дамыту жағдайында көрсете білу керек. Қазіргі кезеңдегі білім беруді дамытудың ерекшелігі оқыту мен тәрбиелеуде жергілікті материалды пайдалану болып табылады. Биологиялық пәндерін оқыту үрдісінде болашақ мұғалімдерді даярлауда өлкелік компоненттерді пайдаланудың құрылымдық-мазмұндық моделі тұлғалық-іс-әрекеттік әдіс-тәсілдерге негізделген біліктерді және олардың мазмұндық, практикалық және іс-әрекеттік компоненттерін, оларды қалыптастыру деңгейлерін және олардың қалыптасу өлшемдерін анықтауды қамтиды. Мақалада жоғары оқу орнындағы өлкелік компонентті оқыту ерекшеліктері қарастырылған.

Кілт сөздер: биолог–мұғалімдер, кәсіби даярлау, өлкелік компонент, мазмұн, бағдарлама, өлке, дүниетаным, өсімдіктер, бірлестік.

Kipicne

Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық сипаттағы мақаласында «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды, мемлекет басшысы отансүйгіштік сезімнің кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталатынын қадап айтты.

Тәуелсіз еліміздің әрбір оқушы және студент жастарын отансүйгіштікке тәрбиелеудің сан алуан жолдары бар. Солардың бірі — биологиялық өлкетану жұмыстарын пайдалану арқылы тәрбиелеу екендігі белгілі.

«Туған жер» бағдарламасының мәнін түсіндіре келіп, білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізудің маңыздылығына назар аударды. Жоғары оқу орындарында және орта мектептерде туған жердің табиғатын оқытуға баса назар аударады [1, 2].

Мысалы, үлкен энциклопедиялық сөздікте «Өлкетану – белгілі бір елдің, әкімшілік немесе табиғи аудандардың, елді мекендердің табиғатын, халқын, шаруашылығын, мәдениетін жергілікті халықтың күшімен оқып үйрену», – деп келтірген. Өлкетану бірнеше, атап айтсақ, тарихи, экономикалық, этнографиялық, географиялық, әдебиеттік және биологиялық пәндерді біріктіреді. Осы аталған әрбір пән белгілі бір білім салаларын оқытады. Ал, біздің зерттеу нысанымыз биологиялық өлкетану.

Биологиялық өлкетану — туған өлкенің тірі табиғатын зерттейтін пән. Биологиялық өлкетану мына міндеттерді қамтиды:

- жануарлар мен өсімдіктер тіршілігіндегі маусымдық құбылыстарды жүйелі түрде бақылау;
- зерттелетін аумақ бойынша жануарлар мен өсімдіктердің таралу заңдылықтарын анықтау;
- туған өлкенің жануарлары мен өсімдіктер дүниесінің биоәртүрлілігімен танысу, табиғи құбылыстарға фенологиялық бақылау жүргізуге және олардың жануарлар мен өсімдіктер әлеміне әсерін анықтауға үйрету;
- табиғи қауымдастықтарды зерттеу және оларды қорғау, экологиялық дүниетанымды қалыптастыру болып табылады [3].

Білім беруді модернизациялаудағы өткір мәселе педагог кадрларды даярлау жүйесіндегі өзгерістер болып табылады, оның ішіндегі маңызды аспектілерінің бірі болашақ мамандарды әдістемелік тұрғыдан даярлауды жетілдіру болып табылады.

Биология мұғалімін гуманистік бағдарланған білім беруді жүзеге асыруға дайындау мүмкіндігі оның отандық педагогикадағы негіздерін әзірлеумен байланысты. Кәсіби даярлық ұғымын әр қырынан қарастырудың нәтижесінде, әлі де болса тұтас анықтамасының жоқ екендігін байқауға болады, дегенмен осы ұғымға мақсат негізінде сипаттама беріледі, яғни, кәсіби даярлық мақсаты кәсіби міндеттерді шешу үшін кәсіби іс-әрекеттерді орындауға дайындық болып табылады.

Педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге талдау қазіргі білім беру жағдайында заманауи жағдайларға тез бейімделе алатын, жоғары кәсіпқойлыққа және еңбек нарығында сұранысқа ие жоғары білікті мамандарды даярлау мәселесінің туындап отырғанын көрдік. Осыған байланысты ЖОО-да оқу үрдісінде кәсіби және жеке өзін-өзі жетілдірудің құрылымы мен заңдылықтарының ерекшеліктерін мамандарды кәсібилендіруді ерте кезеңдерден басату керек [5, 6].

Сондықтан да ЖОО оқып жүрген болашақ мұғалімдердің даярлығына әсер ететін кәсіби-тұлғалық ерекшеліктерінің көріну міндеттері ең өзекті болып табылады. Бұл міндеттер мектеп кезеңінде жеткілікті түрде жолға қойылған, ал бұл мәселе студенттік кезең үшін ашық қалып отыр.

Пән мазмұндарының мүмкіндіктерін қолданып, заманауи болашақ мамандарды кәсіби даярлау мәселесін неғұрлым толық ашу үшін, қандай сапаларын, тұлғалық қасиеттерін қалай дамыту керек дегенге көңіл бөле отырып, мына басты бағыттарын айқындадық:

- болашақ мамандарды білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерін белсендіруді қамтамасыз ететін сабақты ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдістерін шығармашылықпен іздеуге, танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін, сын тұрғысынан ойлауды дамытуға дайындау;
- білім алушыларда оқу және ғылыми әдебиеттермен, оқу еңбегінің мәдениетін, ұтымды танымдық іс-ірекет тәсілдерімен өз бетінше жұмыс істеу дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру;
- білім алушыларды жалпы мәдениет пен педагогикалық еңбек мәдениетіне тәрбиелеу;
- болашақ мамандарға экологиялық тәрбие беру міндеттерін шешуде оқу пәндерінің мүмкіндіктерін барынша пайдалануды айқындау;
- жаратылыстану циклындағы пәндерден алған білімдерін күнделікті өмірде пайдалану, оқытуды өмірмен байланыстыру сұрақтарына көңіл бөлуді күшейту, яғни, дәріс және зертханалық, практикалық сабақтар мазмұнына өлкелік материалдарды қосу [6].

Педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау және жеке тәжірибеде педагогикалық оқу орындарындағы болашақ мамандарды, соның ішінде биолог–мұғалімдерді кәсіби даярлау жүйесіне сапалы өзгеріс керектігін дәлелдеп берді. Жоғары педагогикалық білім беру жүйесінің негізгі даму бағыттарын талдай келе, біз келесідей өзгерістер болу керек деген қорытындыға келдік:

- әдістемелік білім беру мазмұны саласында (аймақтық, өлкелік компоненттерді ескере отырып, варитативтілік, бағдарлы дайындық);
- оқыту технологиясы саласында (оқытудың заманауи тұжырымдамасын, ақпараттық технологияларды, оқу пәндеріне кіріктіру элементтерін ендіру);
- тәрбие саласы (психологиялық қызмет пен орталықтар, диагностикалық тәсілдер, жеке жұмыс әдістері).

Зерттеу әдістері

Қазіргі кезде білім беру жүйесінде табиғат заңдылықтары мен қоғам заңдары туралы білім беру жеткілікті түрде байқаудан өткізілген, ал табиғат пен қоғамның өзара байланысы және олардың бір-

бірімен үйлесімділік заңдылықтары туралы білім беру әлі де болса жете зерттелмегендігін көрсетіп отыр. Өйткені бүгінгі күнгі табиғат туралы білімді талдауға негізделген экологиялық білім беру халықтың көзқарасын табиғаттың бүлінушілік тенденцияға қарай кетіп бара жатқандығын түсіндіруге жеткіліксіз болды. Бұл экологиялық білім мен тәрбие берудің философиясы мен әдіснамасын дүние және ондағы адамның орны туралы жаңа, біртұтас түсінікке негіздеп қайта құруды қажет етіп отыр. Мұндай білім мен тәрбие беру оқушыларға адам, қоғам және табиғаттың өзара әсерінің негізгі ұстанымдары мен заңдылықтары туралы білімді кеңейтіп беруді талап етеді.

ЖОО курстарға арналған биология пәндерінің мазмұнын таңдап алу үшін бұл пәндердің мазмұнын бағдарлы саралау мүмкіндіктері зерттелуі қажет.

Өлкелік компонент жалпы адамзаттық мәдениеттің маңызды құраушысы ретінде ауқымды гуманитарлық потенциалының болуы арқасында олардың білім алушыларды тәрбиелеу мен дамытудағы мүмкіндіктері бұл ерекше элективті пән ретінде оқытылуы тиіс екендігін де көрсетеді [7, 8].

Биология пәндерінен білім беру мақсаттарын талдау барысында олардың құрамы мен иерархиясы уақыт өтуімен өзгеріп отырғандығын, жеке тұлғаның алдыңғы буын тәжірибесін меңгеруіне басты назар аударылғанын көрсетті, алайда бұл мақсаттар білім алушылардың қабілеттілігі мен қызығушылығына байланысты сараланбағаны анықталды [9, 10]. Сондықтан зерттеуде әлеуметтік-тұлғалық тұрғыдан қарау негізінде биология пәндерін оқытудың жалпы мақсаттары нақтылану қажет. Әр түрлі бағыттағы болашақ биолог-мұғалімдердің кәсіби бағдарлануын ескеру арқылы бұл пәндерді негізгі және негізгі емес пәндер арқылы оқытудың арнайы мақсаттарының толық зерттелуі қажеттілігі анықталды.

Әр түрлі бағыттағы топтарға арналған биология пәндерінің мазмұнын таңдап алуға ықпал ететін басты факторларға оқытудың жалпы және арнайы мақсаттары, оқу материалы деңгейінде білім мазмұны құраушыларының ара қатысы мен ұсынылу реті, оқушылардың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктері жататындығы, ілім алушыларға арналған биология пәндерінің мазмұны білім беру стандарты талаптарын, ұлттық дәстүрлер мен пәнаралық байланысты, үздіксіздік пен сабақтастықты ескеру арқылы құрылатындығы көрсетілді.

Биология пәнінің мазмұнын таңдап алуда іргелілік, ізгілендіру, мәдени үйлесімділік, білім алушылардың жалпы және арнайы қабілеттіліктерін дамытуға бағдарлану; әлеуметтік тиімділік, қолданбалы бағытталғандық, бағдарлы сала ерекшеліктерінің көрініс табуы, ақпараттық технологияларды белсенді пайдалану принциптеріне басымдық беріледі [11, 12].

Жоғары оқу орындарында биолог-мұғалімдерді даярлаудың білім мазмұнына өлкелік компонентті ендіру жолдарын айқындау үшін, жоғары оқу орындарындағы білім мазмұнына талдау жасалды.

Нәтижелері мен олардың талқылау

Жалпы жоғары оқу орындарында өсімдіктердің алуан түрлілігі, олар туралы жалпы сипаттамалар «Өсімдіктер систематикасы», «Органикалық әлемнің биоалуанүрлілігі» атты пәндер арқылы оқытылады. Алайда, ол пәндерде жалпы мәліметтер берілгенмен, нақты өлкелік материалдар аса оқытылмайды. Сондықтан біз, «Silk way» университеті және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Жаратылыстану институтының 4 курсына оқытылатын «Қазақстан биоресурсы» таңдау пәнінің мазмұнына талдау жасадық. Жалпы пәннің мақсат міндеттеріне тоқталатын болсақ.

«Қазақстан биоресурсы» таңдау пәнінің мақсаты: Студенттерді өсімдіктер бірлестіктері (фитоценоздар) мен олардың мекен ететін ортасы аралығындағы негізгі қарым-қатынас заңдылықтарымен, фитоценоздардың құрылысы, тіршілігі, кеңістікте таралуымен, сондай-ақ классификациясымен таныстыра отырып келесі міндеттерді жүзеге асырады.

Міндеттері: теориялық және практикалық курсты оқу кезінде студенттер:

– өсімдік бірлестіктерінің (фитоценоздардың) түзілуі, құрылымы және құрамының ерекшеліктері;

– фитоценоздар мен органың қарым-қатынасы туралы;

– фитоценоздардағы биологиялық үрдістердің ерекшеліктерін;

– фитоценоздағы өсімдіктердің арасындағы қарым-қатынас туралы;

– фитоценоздар және биоценоздар тіршілігіндегі жануарлар мен адамдар ролі;

– фитоценоздардың флоралық құрамын, фитоценоздар тіршілігіне түрлер популяциясының, тіршілік формаларының және синузиялардың ролін *білуге міндетті*.

– геоботаникалық тәсілдерді іс жүзінде дұрыс әрі тиімді пайдалануға;
 – өсімдіктер бірлестігін жан-жақты талдап, сипаттама беруге;
 – зерттеу материалдары бойынша нақтылы, бағалы қорытындылар мен түйіндер алып, оларды іс жүзінде пайдалану дағдылары болу керек.

– курсты оқу үрдісінде өсімдіктер жамылғысына қатысты алған білімдерін олардың жақсы дамуына мүмкіндік туғызатын экологиялық-практикалық міндеттерді шешуді *игеру керек*.

Осыған сәйкес, біз ғылыми зерттеу бағытымызға байланысты, 5B01517 – «Биология» мамандығы студенттеріне 4-курста оқытылатын элективті курстардың бірі KB 4308 «Қазақстан биоресурсы» пәнінің бағдарламасында өлкелік компонентке байланысты материал енгізу басты мақсатымыз болды. Бұл пән бойынша 5 кредит берілген, жалпы сағат саны 150, оның ішінде 30 лекция, 15 практикалық жұмысты құрайды.

Білім мазмұнына өлкелік компонентті ендірімес бұрын, жоғары оқу орындарының білім алушыларымен сауалнама жүргізілді. Зерттеу жұмысында ғылыми-педагогикалық зерттеулердің көптеген әдістері: яғни, бақылау және тәжірибе, білім алушылармен және мұғалімдермен жеке әңгімелесу, сауалнама жүргізу, тестілеу, бақылау тексерулері және т.б. қолданылды. Тәжірибелік материалдарды өңдеу, абсолютті сандық деректерді есептеу және оларды салыстырмалы бірліктерде — пайызбен және бүтін бөліктерде біріктіру түрінде жүргізілді. Сандық өңдеу нәтижелері кестемен және диаграмма түрінде көрсетілген.

Педагогикалық эксперимент жалпы білім беретін орта мектептің жоғары сыныптарында және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің биология, география және химия кафедрасында және Silkway Халықаралық университетінде жүргізілді. Зерттеулерден статистикасы есептелетін бастапқы мәліметтер нақты болған жағдайда ғана статистикалық болжамдар тексерілетін өлшемдер жеткілікті түрде негізделген қорытынды жасауға мүмкіндік беретіні белгілі. Алынған нәтижелердің объективтілігі педагогикалық экспериментті жоспарлаудың нәтижесіне байланысты.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті мен Silkway Халықаралық университетінің «5B011300 — Биология» мамандығының 129 студенті қатысты.


Тәжірибелік—эксперимент жұмысын бастамас бұрын студенттерді екі топқа бөліп алдық: эксперименттік (ЭТ) топ — 69 студент және бақылау (БТ) тобында — 60 студент.

Білім деңгейлерін анықтау өлшемі (параметр) ретінде біз В.П. Беспалько ұсынған [170] K_α — менгеру коэффициенті формуласын пайдаландық:

$$K_\alpha = \frac{a}{p} \cdot 100\% \quad (1)$$


Білім мазмұнына өлкелік компонентті ендірімес бұрын, ЖОО білім алушыларымен сауалнама жүргізілді. Төменде зерттеу барысында алынған сауалнама нәтижелері берілген.

«Жоғарғы оқу орындарында өлкелік компонентті енгізуіне көзқарасыңыз» деген сауалға 65 % білім алушы өлкелік компонентті енгізудің маңыздылығын аса қажет емес екенін көрсетті, ал қалған білім алушылар өлкелік компоненттің енгізуге қарсы еместігін білдірді. Бұл дегеніміз білім алушылардың басым бөлігінің әлі де болса өлкелік компонент туралы мағлұматтарға аса қызықпайтынтығын көрсетті (сурет 1).



Сурет 1. Жоғарғы оқу орындарында өлкелік компонентті енгізуге көзқарасыңыз
 А) Иә (35 %) Б) Жоқ (65 %)


«Өлкелік компонентті қандай мақсатпен оқыр едіңіз?» деген сұраққа 10 білім алушы жәй сабақ ретінде, 6 білім алушы дүниетанымды кеңейту үшін, 6 білім алушы оқығанды ұнатамын, ал қалған 18 білім алушы жергілікті (өлкелік) жаңалықтардан хабардар болу үшін деп жауап берді (сурет 2).



Сурет 2. Өлкелік компонент енгізген жағдайда, оны қандай мақсатпен оқыр едіңіз?


- А) Жәй ақпарат ретінде (25 %) Б) Дүниетанымымды кеңейту үшін (15 %) В) Оқығанды ұнатамын (15 %) Д) Жергілікті (өлкелік) жаңалықтардан хабардар болу үшін (45 %)

Сауалнаманың үшінші сұрағы «Сіз өз өлкеңіз туралы ақпаратты қайдан аласыз?» деген сұраққа 18 білім алушы ғаламтордан, 10 білім алушы оқулықтан көргендігін, ал 12 білім алушы басқа (өз нұсқаңызды атаңыз) білім көздері арқылы білген. Зерттеу барысында жоғары оқу орындары оқытушыларынан да сауалнама алынды (сурет 3).




Сурет 3. Сіз өз өлкеңіз туралы ақпаратты қайдан аласыз?

- А) Ғаламтордан (45 %) Б) Оқулықтан (25 %) В) Басқа (өз нұсқаңызды атаңыз) (30 %)



Сурет 4. Сіз студенттердің өз өлкесі туралы біліп, оны жақсы көруі маңызды деп санайсыз ба?

- А) Иә (65 %) Ә) Жоқ (10 %) Б) Жауап бере алмаймын (25 %)



Сурет 5. Сіз жоғарғы оқу орнында «Өлкетану» пәнін оқыту қажетті деп ойлайсыз ба?
А) Міндетті түрде (Иә) (60 %) Ә) Міндетті емес (Жоқ) (40 %)

Сонымен, болашақ биолог мұғалімдерді кәсіби даярлауда өлкелік компоненттерді пайдалану тиімділігін нақты көрсетуге мүмкіндік беретін көрсеткіштер: мақсаттық, мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттер деңгейінің анықтау үшін жүргізілген тәжірибелік экспериментінің нәтижелеріне байланысты, қорытынды ұсынылған әдістемені оқу үдерісінде пайдаланудың мүмкіндігі жоғары екендігін көрсетті.

Болашақ биолог мамандар жоғары оқу орнында енгізілген өлкелік компоненттер нәтижесінде алған білімдерін жүзеге асыру мақсатында жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық практика барысында қолданды. Болашақ мамандар мектептегі өлкелік принциптердің жүзеге асуын зерттеу мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Алайда, зерттеу көрсеткендей, мектепте өлкелік компоненттің оқытылуында бірнеше көріністер байқалды.

Атап айтатын болсақ:

- өлкетану білімін қалыптастыру бойынша мақсатты жұмыс сабақтарда сирек кездеседі, олар эпизод түрінде ғана беріледі;
- көбінесе өлкетану мәліметтері бір жақты қарастырылады, негізінен – аймақта белгілі бір нысандардың бар екендігіне ғана көңіл бөлініп, олардың сапалық сипаттамаларын қарастырмайды;
- өлкетану білімін нақты экологиялық аспектілермен байыту үшін өте маңызды болып табылатын табиғатты ұтымды пайдалану мен аймақтың табиғи ортасын өзгерту мәселелері қаралмайды немесе өте үстірт қаралады.
- өлкенің табиғат компоненттері мен адам іс-әрекетінің түрлері өзара байланыста қарастырылмай оқшау зерттеледі.

Жоғарыда айтылған қағидаларға сүйене отырып, Қызылорда облысы Арал маңындағы өлкелік материалдардың мектеп және жоғары оқу орындарында оқытылу жағдайын зерттеу қажеттілігі айқындалды. Оқытушыларға жүргізілген сауалнамалар мен әртүрлі оқу іс-әрекеттерді ұйымдастыру формалары мен білім бағдарламаларын талдау бірнеше мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, білім алушылар педагогикалық практика кезінде кейбір ұстаздар өз сабақтарында Арал маңындағы өлкелік мәліметтерді әдістемелік тұрғыдан енгізіп отырғанын байқаған. Жоғарыдағы сауалнама нәтижелері көрсеткендей өлкелік компонент оқытылуы қажетті деңгейде емес. Осыған орай бірқатар білім мекемелерінің тәжірибелерін зерттеу нәтижесінде, біз өлкелік сипаттағы сабақтарды құрудың екі негізгі тәсілін бөліп көрсеттік:

Биологиялық өлкетанудың жеке мазмұндарын ашуға мүмкіндік беретін типтік бағдарламалардың мазмұнына сабақтар енгізу;

2. Білім алушылардың өлкелік білімдерін жалпылауға арналған арнайы өлкелік материалдарға негізделген қолданбалы бағдарламалар құру.

Жоғары оқу орындары практикасында бірінші тәсілді қолданған ұтымды, себебі, онда сабақ мазмұнының бір компоненті ретінде өлкелік ақпараттарды қосуға болады. Егер мына дидактикалық шарттар сақталса:

- өлкелік білім мазмұнын ескере отырып білімдік және тәрбиелік міндеттер мен сабақтың мақсаты нақты белгіленеді;
- сабақ барысында қойылған мақсаттар дәйекті түрде жүзеге асырылады, өлкетану білімі мен дағдыларының элементтері қалыптасады, білім алушылардың патриоттық сезімдері мен өз өлкесінің табиғи ортасына жауапкершілікпен қарауға тәрбиеленеді;

– сабақта өлкетану мәліметтерін меңгеру үрдісінде білім алушылардың танымдық іс-әрекетін белсендірудің түрлі құралдары ұтымды пайдаланылады.

Қорытынды

Болашақ биолог-мұғалімдерді кәсіби даярлауда өлкелік компонентті пайдаланудың теориялық негіздері толық анықталса, өлкелік компонентті пайдалану мәселесінің педагогикалық және әдістемелік негіздері толық зерттелсе, білім алушылардың білім деңгейінің көтерілетініне сенім артуға болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Скоркина О.В. Использование элементов регионального компонента на уроках биологии / О.В. Скоркина // Преподавание биологии. — 2013. — № 1. — С. 16, 17.
- 2 Уманов Г.А. История создания и тенденции развития профессионально-технического образования в Казахстане / Г.А. Уманов. — Алма-Ата, 1970. — 57 с.
- 3 Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика формирования / Ш.Т. Таубаева. — Алматы: Алем, 2000. — 381 с.
- 4 Торманов Н.Т. Биологияны оқыту әдістері / Н.Т. Торманов, Л.Ү. Абшенова. — Алматы: Қазақ университеті, 2004. — 196 б.
- 5 Каймулдинова К.Д. Географиялық елтанудың әдістемелік мәселелері / К.Д. Каймулдинова // География және табиғат. — 2013. — № 1. — Б. 5–8.
- 6 Каймулдинова К.Д. Топонимические аспекты традиций природопользования и охраны природы казахского народа: автореф. дис. ... канд. геогр. наук. Спец.11.00.11 — «Охрана окружающей среды и рациональное использование ресурсов» / К.Д. Каймулдинова. — Алматы, 1998. — 13 с.
- 7 Аманбаева М.Б. Болашақ биолог мұғалімдердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыру әдістемесі: филос. док. (PhD)... дис.: мамандығы: 6D011300—Биология. / М.Б. Аманбаева. — Алматы, 2016. — 161 б.
- 8 Азизова И.Ю. Формирование ценностных ориентаций у учащихся при обучении биологии в курсе «Человек и его здоровье»: автореф. дис. ... канд. пед. наук / И.Ю. Азизова. — СПб., 2002. — 22 с.
- 9 Гладкий Ю.Н. Регионоведение: учеб. / Ю.Н. Гладкий, А.И. Чистобаев. — М.: Гардарики, 2000. — 384 с.
- 10 Новичков В.Б. Концепция создания регионального учебного курса / В.Б. Новичков // Педагогика. — 2000. — № 4. — С. 8.
- 11 Жукова Т.Д. Познаем свою малую Родину [Текст] / Т.Д. Жукова // Юный краевед. — 2007. — № 1. — С. 28–31.
- 12 Савинова Е.В. История становления принципа краеведения в методике школьного естествознания [Текст] / Е.В. Савинова, Н.М. Семчук // Успехи современного естествознания. — 2008. — № 6. — С. 121, 122.

К.Б. Ажмолдаева, С.Ж. Ибадуллаева, М.Т. Сулейменова, А.Б. Бегенова

Особенности внедрения регионального компонента в содержание образования при подготовке учителей биологов в вузе

Профессиональный стандарт учителя ориентирует современного учителя на организацию учебного процесса по предмету в соответствии с требованиями государственных образовательных стандартов Республики Казахстан и основной общеобразовательной программы, и, самое главное, с учетом места исследуемой науки в мировой культуре и организации процесса изучения предмета. Отечественная педагогика при гуманистическом преподавании учителей биологов опирается на современные требования. В последнее время важность региональной информации в подготовке квалифицированных специалистов стала рассматриваться с разных сторон. Актуальность совершенствования методической подготовки учителей биологии обусловлена с возросшим интересом к биологии в современном мире. Общая биология — наука, играющая важную роль в формировании новых нормативных принципов в современной культуре. Биологическая наука занимает промежуточное место между естественными и общественными науками, иницируя ориентацию других естественных наук на гуманизм, совмещая их с естественными науками и педагогическими дисциплинами. Своевременное совершенствование методической подготовки будущих учителей-биологов связано не только с необходимостью практики, но и с научными достижениями в решении проблемы подготовки учителей в области естественного образования. Связь образовательной деятельности при преподавании биологии с ценностями природы и культуры, создание условий для познания учащимися законов биологии и придания им личного смысла — это деятельность учителя биологии, который должен уметь продемонстрировать активность своей субъективной позиции. Особенностью развития образования на современном этапе является использование местного материала в обучении и воспитании. Структурно-содержательная модель использования региональных компонентов в подготовке будущих учителей при преподавании

биологических дисциплин включает умения, основанные на личностно-деятельностных методах и их содержании, практическом и деятельностном компонентах, уровнях их формирования и критериях их формирования. В статье рассмотрены особенности изучения регионального компонента в вузе.

Ключевые слова: учитель-биолог, профессиональная подготовка, региональный компонент, содержание, программа, регион, познание, растения, ассоциация.

K.B. Azhmoldayeva, S.Zh. Ibadullayeva, M.T. Suleimenova, A.B. Begenova

Features of implementing regional components into the content of education in the biology teachers training in HEIs

The professional standard of the teacher guides the modern teacher to organize the teaching process in the subject under the state educational standards of the Republic of Kazakhstan and the main general educational program, and most importantly, considering the place of the studied science in the world culture and the organization of the process of studying the subject. Domestic pedagogy in the humanistic teaching of biology teachers is based on modern requirements. Recently, the importance of regional information in the training of qualified specialists has been considered from different angles. The relevance of improving the methodological training of biology teachers is inextricably linked to the importance of biology in the modern world. General biology is a science that plays an important role in the formation of new normative principles in modern culture. Biological science occupies an intermediate place between the natural and social sciences, initiating the orientation of other natural sciences towards humanism, combining them with the natural sciences and pedagogical disciplines. Timely improvement of the methodological training of future biology teachers is associated not only with the need for practice but also with scientific achievements in solving the problem of teacher training in natural education. The structural and meaningful model of using regional components in the training of future teachers in teaching biological disciplines includes skills based on personality-activity methods and their content, practical-activity components, levels of their formation and criteria for their formation. The article deals with the peculiarities of studying the regional component in higher education institutions.

Keywords: teacher-biologist, professional training, regional component, content, program, region, cognition, plants, association.

References

- 1 Skorkina, O.V. (2013). Ispolzovanie elementov regionalnogo komponenta na urokakh biologii [Using elements of the regional component on biology lessons]. *Teaching biology*, 1, 16, 17 [in Russian].
- 2 Umanov, G.A. (1970). Istoriia sozdaniia i tendentsii razvitiia professionalno-tehnicheskogo obrazovaniia v Kazakhstane [History of creation and development trends professionally-technical education in Kazakhstan]. Almaty [in Russian].
- 3 Taubayeva, Sh.T. (2000). Issledovatel'skaia kultura uchitelia: metodologiya, teoriia i praktika formirovaniia [Research culture of the teacher: methodology, theory and practice of formation]. Almaty: Alem [in Russian].
- 4 Tormanov, N.T., & Abshenova, L.U. (2004). Biologiiany oqytu adisteri [Methods of teaching biology]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 5 Kaimuldinova, K.D. (2013). Geografiialyq eltanudyn adistemelik maseleleri [Methodological problems of geographical country studies]. Almaty: Geography and nature, 1, 5–8 [in Kazakh].
- 6 Kaimuldinova, K.D. (1998). Toponimicheskie aspekty traditsii prirodopolzovaniia i okhrany prirody kazakhskogo naroda [Toponymic aspects of traditions of nature management and nature protection of the Kazakh people]. Extended abstract of candidate's thesis. Almaty [in Russian].
- 7 Amanbaeva, M.B. (2016). Bolashaq biolog mugalimderdin zertteushilik is—areketin qalyptastyru adistemesi [Methods of formation of research activity of future biology teachers]. Doctor's thesis. Almaty. [in Kazakh].
- 8 Azizova, I.Yu. (2002). Formirovanie tsennostnykh orientatsii u uchashchikhsia pri obuchenii biologii v kurse «Chelovek i ego zdorove» [Formation of value orientations among students when teaching biology in the course “Man and his health”]. Extended abstract of candidate's thesis. Saint Petersburg [in Russian].
- 9 Gladkii, Yu.N., & Chistobaev, A.I. (2000). Regionovedenie [Regional studies]. Moscow: Gardariki [in Russian].
- 10 Novichkov, V.B. (2000). Kontseptsiiia sozdaniia regionalnogo uchebnogo kursa [The concept of creating a regional training course]. *Pedagogika — Pedagogy*, 4, 8 [in Russian].
- 11 Zhukova, T.D. (2007). Poznaem svoiu maluiu Rodinu [Get to know our small homeland]. *Yunyi kraeved – Young local historian*, 1, 28–31 [in Russian].
- 12 Savinova, E.V., & Semchuk, N.M. (2008). Istoriia stanovleniia printsipa kraevedeniia v metodike shkolnogo estestvoznaniia [The history of the formation of the principle of local history in the methodology of school natural science]. *Uspekhi sovremennogo estestvoznaniia – Advances in current natural sciences*, 6, 121, 122 [in Russian].